

Х. ДОСМУХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІ
ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ЖӘНЕ ӨНЕР ФАКУЛЬТЕТІ
ЖУРНАЛИСТИКА КАФЕДРАСЫ

Бекітілді

Гуманитарлық ғылымдар және өнер
факультетінің Кеңес отырысының

2022 ж. « 24 » 02 хаттама № 6

шешімімен
Факультет деканы

Б.Б.Қорған



ЭЛЕКТИВТІК ПӘНДЕР КАТАЛОҒЫ

6В03201- ЖУРНАЛИСТИКА ЖӘНЕ АҚПАРАТ

(білім бағдарламасы)
2022-2023 оқу жылы

Атырау, 2022

№	Пәннің коды және атауы	Курстың мақсаты Негізгі тараулардың қысқаша сипаттамасы	Пререквизиттер	Қалыптасатын құзыреттіліктер (30 сөзден көп емес)	Пәндер циклы		Академиял ық кредит көлемі	Ұсынылға н семестр
					(ЖБП, БП, КП)	ЖК, ТК,		
1 курс								
1	ЖК 1201 Журналистикаға кіріспе	Пәннің мақсаты: журналистиканың қоғамдағы орны мен ролі, журналистиканың ақпараттық қызмет ретіндегі қызметі, жан-жақты мамандық ретінде журналистика тиімділігінің принциптері мен негізгі өлшемдері туралы білім базасын қалыптастырудағы студенттердің теориялық және практикалық дайындығын қамтамасыз ету.	-	Оқыту нәтижесінде студент қабілетті болуы керек: - ақпаратты жинау және өңдеу нәтижесінде журналистік мәтін құру, стандартты кәсіби міндеттерді шешу, логикалық және сыни ойлау дағдыларын меңгеру; - журналистикада жана технологиялардың креативті әдістерін және инновациялық даму жүйесіне енгізу дағдыларын меңгеру.	БП	ЖК	5	1
2	KJZhMT1202 Қазақ журналистикасы мен жана медиа тарихы	Мақсаты: студенттерге қазақ баспасөзінің, электронды БАҚ (теледидар мен радио) пайда болу, қалыптасу және даму тарихын, қазақ журналистикасының эволюциясын қазіргі заманғы БАҚ-қа жеткізу. 1917 жылға дейін қазақ баспасөзінің пайда болуы және оның даму ерекшеліктері, тарихи алғышарттары, Кеңес кезеңіндегі қазақ журналистикасы: алғашқы кәсіби қазақ журналистері, негізгі хабарлары, тақырыптары. Тәуелсіз Қазақстанның БАҚ-ы жайында да тарихи мәліметтер ұсынылады.	-	Пәнді оқу нәтижесінде студент білуі тиіс: -Қазақ газеттері мен журналдарын талдау: бағыттары, әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктері, жағдайы, мазмұны, шығу уақыты және т. б.; - ұлттық БАҚ тарихы мен ұлттық қайраткерлер: журналистер мен публицистер өміріндегі оқиғаларды зерттеу; - қазақ журналистикасының уақыт бойынша даму кезеңдерін жіктеу.	БП	ЖК	5	1
3	АН1202Академиялық жазба	Мақсаты: Академиялық жазба білім алушыларды білімді, білікті етіп қалыптастыру, өзіндік пікір-көзқарасын жазбаша сауатты жеткіздіру; - білім алушыларды сыни тұрғыдан ойлата білуге, оқыған материалдарын талдай алуға үйрету. Академиялық жазылым білім алушылардың қазақ тіліндегі жазылым деңгейі көтеріледі, академиялық мәтіндердің білім мазмұнын нақтылай алады, мағынасы айқын, ақпарат-мәліметі түсінікті, тілі жатық, өз бетінше әзірленетін шығармашылық жұмыс жаза алады.	Орта білім беру бағдарламасы (қазақ тілі, орыс тілі)	Осы пәнді игеру барысында студент келесі кәсіби құзіреттіліктерді қалыптастырады және көрсетеді -Академиялық мәтіндерді дайындауға, жазуға, игеруге қатысты жазу мәдениеті мен білімдерін кеңейтеді; - әр түрлі жанрдағы академиялық мәтіндерді жазу дағдысын жетілдіреді - білімін жинақтайды: тақырып бойынша әдебиетті іздеу және іріктеу, әдебиетке шолу жазу және сілтеме аппаратын ресімдеу дағдыларын үйренеді; - сыни ойлау және мәселені шешу дағдыларын меңгереді.	БП	ЖК	3	1

4	TRZh1301Телерадиожурналистика	Пәнді оқытудағы мақсат – телерадиожурналистиканың әлеуметтік институт, БАҚ жүйесінің бір тармағы, қоғамдық қызметтің бір саласы болып табылатын ілім екендігіне ғылыми-теориялық және тәжірибелік тұжырымдамалар жасау.	Журналистикаға кіріспе	Пәнді оқыпудың нәтижесінде студент қабілеттілігін танытады: -болашақ БАҚ мамандарының тележурналистикаға тән принциптері мен заңдылықтарын теориялық негізде менгеріп шығады; - ұлттық арналар мен коммерциялық арналардың ерекшеліктерін зерттейді; -кәсіби теларналар үшін авторлық тележазбалар жасайды; -телебағдарламалар үшін сценарийлер дайындай біледі.	КП	ЖК	5	2
5	KJZHТК 1203 Қазіргі журналистиканың жанрлық түрлері мен қызметі	Пәннің мақсаты - студенттерге заманалы журналистика жанрларының теориясы мен практикасын жан-жақты үйрету. Пәнді игеру кезеңінде студенттер журналистикадағы уақыт пен кеңістік үндестігін байланыстыра отырып, табиғи және жасанды оқиғалар негізінде заманалы басылымдардағы ақпарат ағымының мазмұнын талдайды. Талдау барысында қарастырылатын мәселелер: Lead құбылысы, ақпаратты сұрыптау әдісі. Хабарламалық контент: байқам, дайджест, құлаққағыс, аңдатпа, аннотация, сұрақ-жауап, кенес, қазанама мәтіндерінің пішіндері. Қазақ баспасөзіндегі жанрлар жаңаруы, гедонистік жанрлар. Баспасөздегі суреттеме және очерк жанрларының пішіндері қарастырылады.	Журналистикаға кіріспе	Пәнді оқыпудың нәтижесінде студент қабілеттілік танытады: - журналистика жанрлары функцияларын терең меңгереді; - студенттің өзіндік жазу мәнерін іздеп, шеберлігін ұштай түседі; - студенттер қазіргі журналистиканың теориясы мен практикасын байланыстырады; - ұсынылған ережелерді туындыгерлікпен ұтымды қолдана алады; - жанрлық контент жазуға икемделеді, шеберлігі біршама қалыптасады.	БП	ЖК	5	2
2 курс								
6	MEIRZh/IMEDM2108 Мәңгілік Ел идеясы және рухани жаңғыру	Пәннің мақсаты: ұлттық бірегейліктің, ұлттық рухтың, патриоттық рухтың, тарихи сананың және әлеуметтік жадының дамудың жоғары деңгейіне ие мамандардың, қоғамның әлеуметтік белсенді мүшелерінің жана буынын тәрбиелеу; басқа мәдениеттердің өкілдерімен сындарлы диалог құруға қабілетті болуға үйрету.	Орта білім беру бағдарламасы (дүниежүзі тарихы, Қазақстан тарихы, география, жаратылыстану)	- мемлекетіміздің тұрақтылығын, тәуелсіздігі мен қауіпсіздігін сақтау бойынша белсенді және шешуші іс-қимылдарға дайын кәсіби шеберлік пен бәсекеге қабілеттілік рухын меңгерту	ЖБП	ТК	5	3
	ЕОКН 2108 Экология және өмір қауіпсіздігінің негіздері	Оқу пәнінің мақсаты: экологиялық ойлау және қауіпсіз өмір сүру негіздерін меңгерген қауіпсіз типтегі экологиялық білімді тұлғаны қалыптастыру,		заңнама нормаларын, жалпыұлттық құндылықтарды басшылыққа ала отырып, қоршаған ортаның сапасын, адамдардың денсаулығын, қоғамның				

	KNMS 2108 Кәсіпкерлік негіздері және ментор-стартаптар	Курсты оқыту мақсаты - студенттердің Қазақстанда кәсіпкерлік принциптері, жаңа идеяларды іздеу және стартаптарды құру әдістері туралы білімдерін қалыптастыру		және табиғаттың тұрақты дамуы мүддесінде өмір қауіпсіздігін жақсарту үшін жауапты таңдау жасау. студенттер мен айналасындағыларды кәсіпкерлікпен айналысуға тарту.				
7	Базалық шетел тілі (B1 деңгейі)/ Базовый иностранный язык (уровень B1)/	Шетел тілі базалық курсының мақсаты тыңдаушылар арасында коммуникативті құзыреттілік деңгейін қалыптастыру, т.а. әлеуметтік, білім беру және еңбек, қарым-қатынастың әлеуметтік-мәдени салаларында өзінің коммуникативті ниеттерін жүзеге асыра білу, студенттерге сипаттама және баяндау түріндегі монологтық мәлімдемеге үйрету, сөйлеуді түсіну, мәтін тыңдау, оқушылардың техникалық дағдылары мен тыңдалым дағдыларын дамыту, оқушылардың техникалық шет тіліндегі мәтінді оқу дағдылары мен дағдыларын, жазу дағдылары мен дағдыларын дамыту.	<i>Шетел тілі</i>	Студенттердің дағдылары мен шет тіліндегі мәтінді оқу қабілеттерін дамыту, жазбаша дағдыларын дамыту, студенттердің мәтіннен ақпарат алу үшін техникалық және оқу дағдыларын дамыту; - шет тілінде ойды дұрыс жеткізуге мүмкіндік беретін лингвистикалық формалар мен сөйлеу үлгілерін шоғырландыру; - студенттерге болашақ іс-әрекеттеріне қажетті грамматикамен жұмыс жасау тәсілдерін үйрету.	БД	ЖК	5	3
8	ВЕВАКА 221 Баспасөз және электронды БАҚ аудиториясы	Баспасөз және электронды БАҚ аудиториясы пәнінің мақсаты – баспасөз және электрондық БАҚ аудиториясының дамуы мен веб-редакция қызметінің аудиторияға әсерін қарастыру. Журналист өз аудиториясын қалыптастыру үшін интеллектуалдық, психологиялық, шығармашылық қабілетін толық пайдаланып, сонымен бірге табанды, әділ, батыл қасиетімен де танылуы тиіс. Ал ақыл-ой, эрудиция бірінші орында тұруы керек. Әсіресе, журналистің мәселені терең меңгеруі аса қажет.	<i>Қазіргі журналистиканың жанрлық түрлері мен қызметі, Қазақ журналистикасы мен жаңа медиа тарихы</i>	Пәнді оқудың нәтижесінде студент қабілеттілігінің табылуы тиіс: -Қазақстандық интернет БАҚ-тың аудиториясына контенттік талдаулар жүргізу; -электронды БАҚ аудиториясын қалыптастырудың ережелерін орындау; -баспасөздегі оқырман контентін зерттеу; - интеллектуалдық, психологиялық, шығармашылық қабілетті пайдалану.	БП	ТК	5	3
	ТААИ 221 Түркі әлемі: ақпараттық интеграция	Түркі әлемі: ақпараттық интеграция пәнінің мақсаты - түркі әлемінің ақпараттық интеграциялық саясатын жан-жақты қарастыру. Студенттерге түркітідес елдерге ортақ ақпараттық кеңістік құру қажеттігін түсіндіру.		Пәнді оқудың нәтижесінде студент қабілеттілігінің табылуы тиіс: -түркі әлемінің ортақ ақпараттық кеңістігін қалыптастыруға үлес қосу; -түркі халықтарының ортақ құндылықтарын насихаттай білу; -түркі интеграциясының ақпараттық саясатын салыстырмалы талдау.				

9	TDГ 2212 Телерадиобағдарламаларды дайындау технологиясы/	Телерадиобағдарламаларды дайындау технологиясы пәнінің мақсаты: телерадиобағдарламаларды дайындау технологиясының ерекшеліктері мен артықшылықтарын түсіндіру, бұл шығармашылық процестерді қамтамасыз ету үшін журналистиканың кәсіби бағыттары мен тәсілдерін дамытуға әкеледі. Телерадиобағдарламаны дайындау технологиясын зерттеу, радиобағдарламаның телебағдарламадан айырмашылығын анықтау.	<i>Телерадиожурналистика, Қазіргі журналистиканың жанрлық түрлері мен қызметі</i>	Пәнді оқыпудың нәтижесінде студент қабілеттілігінің пәнінің мақсаты: - телехабарлар технологиясын толық меңгеріп шығады; - белгіленген нысанға (объекті) журналистік зерттеу жүргізе біледі; - тележүргізушінің тікелей эфирдегі психологиялық және лингвистикалық аспектілеріне талдау жасай алады; - теориялық білім мен тәжірибелік тәлімді ұштастыру нәтижесінде әрбір студентті авторлық бағдарлама жобасын жасауға машықтандырады.	БП	ТК	8	3
	BODГ 2212 Баспасөз өнімдерін дайындаудың технологиясы	Баспасөз өнімдерін дайындаудың технологиясы пәнінің мақсаты - студенттерді оқыту барысында мерзімді баспасөз басылымдарының дизайнын жасауды меңгеруі керек.		Оқыту нәтижесінде студент қабілетті болуы керек: - мерзімді баспасөз беттерінде газеттер, журналдар, жарнамалар ресімдеу; - тәжірибеде стереотиптер мен дизайнерлік технологияларды қолдануды жүзеге асыру; - дизайнерлік істе жұмыс істеу.				
10	ShZh2205 Шетел журналистикасы	Мақсаты – кәсіби салада студенттердің әлеуметтік-тұлғалық құзыреттерін қалыптастыру, заманауи кәсіби тәжірибедегі халықаралық журналистиканың даму заңдылықтарын талдаумен байланысты оқу материалдарын қолдана алуы, хабар таратуды сандық жүйелендіру, журналистика саласында жаһандық медиа нарыққа деген күрестің артуы жағдайында өз мемлекетінің дамуына ықпал ету.	<i>Журналистикаға кіріспе</i>	Пәнді оқыпудың нәтижесінде студент қабілеттілігінің пәнінің мақсаты: - студенттер санасында шет мемлекеттердегі баспасөз, телевидение, радио, интернеттің даму заңдылықтары туралы түсінік қалыптастыру; - баспасөз, телевидение, радионың шетелдік үлгілерінің типологиялық құрылымдарының ерекшеліктерін көрсету; - шет мемлекеттердің экономикалық, саяси, мәдени және әлеуметтік өміріндегі БАҚ рөлін ашу; - шетел БАҚ тәжірибесінен кәсіби жұмыс жасаудың тәсілдері мен әдістерін қолдануды үйрету.	БП	ЖК	5	3
11	ZMBAKTS2206 Заманауи медиаәтін. БАҚ тілі мен стилі	Бұл жалпы курс студенттердің пәндік құзыретін арттырып, тіл, стиль сияқты журналистік шеберліктің маңызды жақтарына ден қоюына ықпал етуі тиіс. Пән газет-журнал материалдарының, телевизия және радио хабарларының тілдік, стильдік ерекшеліктерін саралай білуге студенттерді баулуы тиіс. Мерзімді	<i>Қазіргі журналистиканың жанрлық түрлері мен қызметі</i>	Пәнді оқыпудың нәтижесінде студент қабілеттілігінің пәнінің мақсаты: - Мәтіннің формальқ тұтастығын сақтай біліп, стильдік, логикалық қателерді түзете біледі; - мәтінмен жұмыс жасаудың белгілі теориялық негіздемелері мен практикалық әдіс-тәсілдерін	БП	ЖК	6	4

		басылымдар сипатын, телерадио аудиториясының, аймақтық ерекшелігінің, т.б. тіл-стильге тигізер әсерін айқын аңғартуы қажет. Пәнді игеру кезінде тіл мен стиль ұғымы студенттерге тереңірек түсіндіріледі.		байланыстырады; - редактордың қызметтік міндеттерін орындай біледі.				
12	PShSh2213 Публицистің шығармашылық шеберлігі	Публицистің шығармашылық шеберлігі пәнің оқытудың мақсаты - әрбір журналистің өмірі мен шығармашылығындағы шығармашылық шеберхананың рөлін анықтау. Осы пәнді оқыту барысында қазақ публицистерінің шығармашылық шеберханасының ерекшеліктері, қазақ жырау, орта ғасыр дәуіріндегі жыраулар заманынан бастап қазіргі публицистердің шығармаларымен аяқталады.	<i>Қазіргі журналистиканың жанрлық түрлері мен қызметі, Журналистикаға кіріспе</i>	Пәнді оқыту нәтижесінде студент әр Публицистің шығармашылық шеберханасының ерекшеліктерін өз бетінше анықтайды және оның жазу стилін және әр журналистік шығарманы жазу тәсілдерін үйренеді.	БП	ТК	6	4
	EP 2213 Эпистолярлық публицистика	Эпистолярлық публицистика пәнін оқып-үйренудің мақсаты - Қазақ журналистерінің рухани әлемдегі эпистолярлық публицистиканы қалыптастыруға тигізген әсерін талдау. Публицист шығармашылығы мәнінің қоғамдық пікір туғызумен, оқырманның заман үрдісіне сай рухани қажеттілігін қанағаттандырумен, тіршілік тынысына жедел үн қосып отыруымен айшықталатынына көз жеткізу.		Пәнді оқытудың нәтижесінде студент қабілеттілік танытуы тиіс: -Әзілхан Нұршайықов, Ғ.Мүсірепов, М.Шоқай Ш.Уалиханов, Ы.Алтынсарин шығармашылық мұрасы мен редакторлық шеберлігін айқындау; тіл өрнегі мен журналистік құнды еңбектерін саралау; хаттарының тілдік-стильдік ерекшеліктерін талдау; хаттарындағы азаматтық таным қызметін салыстыру; -қазіргі эпистолярлық шығармалардың көркемдік ерекшеліктерін зерттеу.				
3 курс								
13	MMJ 3302 Мультимедиялық журналистика	Пәннің мақсаты: мультимедиялық журналистиканы практикада қолдану және әдістемелік негізде оқыту. Бұл пәнді оқу нәтижесінде студент: - мультимедиялық журналистикаға қатысты теориялық білімді практикада қолдану; - желілік журналистиканың жаңа технологияларын дамыту;	<i>Журналистикаға кіріспе, Қазіргі журналистиканың жанрлық түрлері мен қызметі,</i>	Пәнді оқытудың нәтижесінде студент қабілеттілігін танытады: - Интернет-журналистиканың дамуы мен болашағына қатысты ғылыми зерттеулер жүргізу; - Интернет-кеңістікте жұмыс істеу; - журналистика саласында кәсіби байланыс орнату үшін Интернетті пайдалану; бизнес-жоспарды дамыту үшін Интернетте авторлық құқық туралы білу.	КП	ЖК	5	5

14	AJ 3214 Әскери журналистика	Әскери журналистика пәнінің мақсаты – әскери журналистиканың теориялық және тәжірибелік үрдістерін қарастыру. Журналистерге бейбіт жағдайда ғана емес, экстремалды, жауынгерлік жағдайда да қызмет атқара білуді үйрету. Пәнді оқыту барысында студент әлемдегі шиеленістер мен қақтығыстардың көбейіп, геосаяси ахуалдардың алмағайып кезеңінде тек әскери қызметшілер ғана емес, әскери журналистердің орны ерекше екендігіне көз жеткізеді.	<i>Шетел журналистикасы, Қазіргі журналистиканың жанрлық түрлері мен қызметі, Журналистикаға кіріспе</i>	Пәнді оқытудың нәтижесінде студент қабілеттілік танылуы тиіс: - әскери журналистиканың даму кезеңдері мен қалыптасу жолдарын толыққанды игеру; - сарбаз қаламгерлер мен журналистердің ұшқыр ойлары мен ұранды сөздерінің рухшыл үндестігін салыстыру; - әскери мекемелердің ақпараттық қауіпсіздігін сақтай білу.	БП	ТҚ	5	5
	KJ 3214 Қақтығыстану және журналистика	Пәнді оқыту барысында студент Қазақстандағы әлеуметтік-саяси қақтығыстарды мейлінше терең зерттей алады. Қақтығыстарды стратегиялық сараптаудың ерекшеліктері. Әлеуметтік қақтығыс, экономикалық қақтығыс туралы журналистік мәтіндердегі стратегиялық сараптамалар. Экономикалық, саяси, рухани қақтығыстардың журналистік мәтінге трансформациялануы. Журналистикадағы толеранттық жағдайлар және қақтығыстың алдын алу мәселелері. Заманалы журналистика алаңы және әлемдегі интеграциялық үдерістер.		Пәнді оқытудың нәтижесінде студент қабілеттілік танылуы тиіс: - қақтығыстық мәселесін қоғам үшін пайдалы, әрі жағымды немесе жағымсыз құбылыс ретінде бағалай біледі; - қақтығыстың қоғамның тазаруы мен дамуына тікелей ықпал ететіндігін саралай алады; - қақтығыстық журналистиканың экономикалық, саяси-әлеуметтік, рухани қарым-қатынаспен сабақтастығын теория және практика жүзінде мейлінше игереді.				
15	SZh 3215 Спорттық журналистика	Спорттық журналистика пәнінің мақсаты - спорттық журналистиканың рөлі, спорттық журналистиканың қалыптасуы мен дамуының маңызды кезеңдері туралы студенттердің негізгі түсініктерін қалыптастыру және спорттық журналистердің бағыты қарастырылады.	<i>Қазіргі журналистиканың жанрлық түрлері мен қызметі, Журналистикаға кіріспе</i>	Оқыту нәтижесінде студент қабілетті болуы керек: - спорт пен спорттық өмірді жарықтандырудың негізгі бағыттарын, принциптерін, әдістерін және қызметтерін қарастыру; - спорт тақырыбына материал құрастыру.	БП	ТҚ	5	5
	BJ3215 Балалар журналистикасы	Балалар журналистикасы пәнінің мақсаты - "журналистиканы" оқытын студенттерге арналған. Мұнда сіз баспасөзде, радио мен теледидарда оқи аласыз, бағалай аласыз, талдай аласыз, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарын, мерзімді басылымдарды, бұқаралық ақпарат құралдарын және балалар мен жастарға арналған онлайн-жарияланымдарды қамти отырып, ғылыми негізде өңдей аласыз.		Оқыту нәтижесінде студент қабілетті болуы керек: - студенттерді балалар журналистикасының теориялық білімдерімен және методологиясымен қамтамасыз ету; - студенттерге балалар журналистикасы, журналистиканы басқару теориясы мен тәжірибесі, редакциялық және баспа маркетингі, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарындағы жастардың мәселелері, балалар журналистикасы және оларды шешу тәсілдері туралы ақпарат беру.				

16	ZhPS3216 Журналистика психологиясы мен социологиясы/	Журналистика психологиясы мен социологиясы пәнінің мақсаты - журналистердің қоғамның дамуына қатысты материалдарды жазуының психологиялық және әлеуметтік факторларының рөлін зерттеу. Журналистік мәтін құру үшін әлеуметтік факторларды қолдану.	<i>Қазіргі журналистиканың жанрлық түрлері мен қызметі, Журналистикаға кіріспе</i>	Оқыту нәтижесінде студент қабілетті болуы керек: - БАҚ мәтіндерінің психологиялық ерекшеліктері бойынша қорытынды жасау; - БАҚ-тағы психологиялық және әлеуметтік зерттеулердің артықшылықтары мен кемшіліктерін зерттейді; - БАҚ-та әлеуметтік зерттеулерді синтездейді.	БП	ТК	5	5
	EJ2316 Экономикалық журналистика	Экономикалық журналистика пәнінің мақсаты - білім алушыларды нарықтық экономиканың БАҚ-та көрініс табуын теориялық және әдіснамалық көзқарастар тұрғысынан таныстыру. Қазақстандағы алғашқы іскерлік ақпараттың пайда болуына қатысты материалдарды зерттей білу; қазіргі Қазақстан экономикасының даму бағыттарын саралай білу.		Пәнді оқытудың нәтижесінде студент қабілеттілік танытуы тиіс: -Қазақстандағы алғашқы іскерлік басылымдардың жарыққа шығу тарихын менгеру; -БАҚ-тағы макроэкономика және микроэкономика мәселелерін қозғай білу; -кәсіби-бизнес журналистің міндеті мен мақсаттарын жетік білу; -бизнес, қор, қаржы туралы мәліметтер мен фактілер жинаудың тәсілдерін журналистік тұрғыда айқындау.				
17	КМТ 3305 Қазіргі медиаконтент тәжірибесі	Қазіргі медиаконтент тәжірибесі мақсаты - студенттерге түрлі контенттер түрлері туралы, әртүрлі контенттердегі оқиғалардың өзгеруі туралы, түрлер мен формалардың конструкциялануы туралы түсіндіру. Қазіргі графикалық, видео, аудио және т.б. контент әлеуеті туралы теориялық және практикалық нәтижелер. Қазіргі дәстүрлі басылымдар контенті: лексикасы, мультимедиялық ажары. Студент медиаконтент сын-сипатының барша әлеуметтік үдеріске икемді ықпал-әсерін зерттеп біледі. Ғылыми семинар, конференцияларда толымды, ойлы пікірлер айтуға дағдыланады.	<i>Баспасөз және электронды БАҚ аудиториясы, Қазіргі журналистиканың жанрлық түрлері мен қызметі</i>	Оқыту нәтижесінде студент қабілетті болуы керек: - медиаконтент ұғымын ұлттық және әлемдік журналистика теориясы мен практикасымен байланыстыру; - әңгімелеу, жүйелеу және талдау арқылы диалог ұйымдастыру; - пікірталас, пікір арқылы диалогтар арқылы зерттеу; - сапалы, мультимедиялық, динамикалық контентте ғылыми және басқа ресурстарды пайдалану; -медиаконтентті журналистиканың креативтілігімен байланыстыру.	КП	ТК	5	5
	ІВК 3305 Интернет басылымдар контенті	Интернет басылымдар контенті пәнінің мақсаты - Интернет журналистикасындағы контенттің ерекшеліктерін түсіндіре білу және Web-ресурстардың мүмкіндіктерін артыру. Интернет-бизнес арнасында қосымша ретінде-контентті дамыту блогтинг. Әлеуметтік жарнама және имидждік тренд түрінде медиаконтентті дайындау.		Оқыту нәтижесінде студент қабілетті болуы керек: - интернет басылым мазмұнының мәдени-әлеуметтік форматын талдау; - ақпараттық кеңістікті кеңейту үшін мазмұнды пайдалану; - визуалды мазмұнды дайындау.				

		Шығармашылық мүмкіндіктерді кеңейту ретінде заманауи медиаконтентті қарастыру.						
18	ORT 3306 Онлайн радиобағдар тарату	Онлайн радиобағдар тарату пәнінің мақсаты - типологиялық формат тұрғысынан ресейлік және отандық радиостанцияларды қарастыру. Қазіргі заманғы медиасферада «онлайн» сөзі өте кең тараған ұғым. Радио мен телесарналарда өте жиі қолданысқа ие болған «онлайн» сөзінде қандай құдірет бар? Жалпы, радиобағдар таратуда «онлайн», сөзі нені білдіреді? Студенттер пәнді оқу кезінде осы сұрақтарға жауап іздейді.	<i>Телерадио журналистика, Телерадиобағдарламаларды дайындау технологиясы</i>	Бұл пәнді оқу нәтижесінде студент: - радиода онлайн бағдарламаларды салыстыру; - отандық радиостанциялардағы негізгі форматтарды жіктеу; - отандық радиобағдарламалардың перспективалық тенденциялары мен даму жолдарын бағалау.	КП	ТК	5	5
	AR3306 Ақпараттық радио	Ақпараттық радио пәнінің мақсаты - Қазақстандағы ақпараттық жаңалықтар қызметінің орны, қалыптасуы мен даму жолдарын айқындау. Пән радиожурналистиканың қоғамдағы маңызды ролін айқындайды. Кез келген журналист өз өнімінің өтімді болуы үшін, өз рейтингі жоғары болуы үшін күресе алатын, бәсекелестікке қарсы тұра алатын маман ретінде дайын болуы тиіс.		Пәнді оқығудың нәтижесінде студент қабілеттілігін танытуы тиіс: - ақпараттың таратылу саясатына, жанрлық ерекшеліктеріне талдау жасау; - ақпараттық бағдарламалардың сценарийлерін құрастыру; - ақпарат таратудағы жаңашыл әдістерді қолдану; - жаңалықтар қызметін атқара білуі тиіс.				
19	JKN 3207 Журналистиканың құқықтық негіздері	Пәнің мақсаты - студенттерді Қазақстандағы құқықтық журналистиканың дамуымен жан-жақты таныстыру. Осы пәнді оқу барысында студенттер заң шығару және құқық қорғау қызметі туралы түсінік, бұқаралық ақпарат құралдарының құқықтық мәселелерді жариялау әдістері туралы білім алады. Бұл курс БАҚ қызметкері қылмыс орнында және сот отырысы залында кәсіби жұмыс істей алатын, сондай-ақ полиция қызметкерлері немесе судьялар тарапынан қысымға ұшыраған жағдайларда өз құқықтарын қорғай алатын негізгі білім береді.	<i>Шетел журналистикасы, Қазіргі журналистиканың жанрлық түрлері мен қызметі</i>	Пәнді оқығудың нәтижесінде студент қабілеттілігін танытуы тиіс: - Журналистиканың құқықтық негіздерін әр түрлі жанрлар аясында танып-білу; - Журналистік аяқтаманың журналистік зерттеудегі өзіндік орнын анықтау; - Сараптама мақалада тергеу тұжырымдамасын пайдалану әдістерін түсіну; - Талдамалы мақалада адвокаттың айқындамасын дәйектеме ретінде пайдалана білу.	БП	ЖК	5	6
20	ВАКММ3217 БАҚ-тағы менеджмент және маркетинг	БАҚ-тағы менеджмент және маркетинг пәнінің мақсаты - менеджмент және маркетинг заманауи журналистика саласындағы теориялық мәселелерді және Ұлттық, глобализациялық практиканы қарастыру. Бұқаралық ақпарат құралдары	<i>Қазіргі медиаконтент тәжірибесі, Мультимедиялық журналистика</i>	Пәнді оқығудың нәтижесінде студент қабілеттілігін танытуы тиіс: - журналистикадағы менеджмент пен маркетингтің тәжірибелік дағдыларын игеру; - қазіргі заманғы медиажүйені	БП	ТК	5	6

		мен медиа-нарықтың бүгінгі күні дербес басқаруы, сондай-ақ жаңа талаптары бар. Электрондық бұқаралық ақпарат құралдары әрқашан экономика саласымен тығыз байланыста болады.		басқарудың жаңа әдістерін пайдалану; - постиндустриалдық қоғам және «ақпарат» концепциясы, ақпараттық БАҚ нарығын жүйелей білу; -қазіргі заманғы шетелдік экономика мен ұлттық медиаэкономика концепциясын байланыстыру.				
	ИВАКZhIA 3217 Іскерлік БАҚ-та жұмыс істеу әдістемесі	Іскерлік БАҚ-та жұмыс істеу әдістемесі пәнінің мақсаты - Қазақстанның жетекші іскерлік басылымдары мен инвестициялық қауымдастық кәсіпқойларының дағдыларын зерттеу. Іскерлік журналистиканың теориясы мен практикасы саласында жүйелі білімді қалыптастыру, оның журналистік кәсіби қызметінің жалпы контекстіндегі орны мен рөлін көрсету және негіздеу.		Пәнді оқытудың нәтижесінде студент қабілеттілігін танытуы тиіс: - іскерлік баспасөз жүйесін және оның типологиялық сипаттамаларын зерттеу; - студенттерде қазақстандық және аймақтық іскерлік баспасөздің ерекшелігі туралы түсінік қалыптастыру; - іскерлік журналистік материал құру дағдыларын қалыптастыру.				
21	IPRN 3217 Интернеттегі PR негіздері	Интернеттегі PR негіздер пәнін оқыту мақсатында қоғамдық институттардың бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимылына, баспасөз қызметінің қызметіне, баспасөз конференцияларын және брифингтерді өткізу әдістемелеріне, PR-мәтіндерді жасауға, сондай-ақ корпоративтік басылымдарды шығару технологияларына, интернет-акцияларды ұйымдастыруға, жеке және корпоративтік имиджді жасау тактикасына көңіл бөлінеді.	<i>Қазіргі медиа контент тәжірибесі, Мультимедиялық журналистика</i>	Пәнді оқытудың нәтижесінде студент қабілеттілігін танытуы тиіс: - Отандық және шетелдік жарнама тарихын, жарнамалық қызмет процесін, баспасөздегі, радиола, теледидарда, интернетте жарнама ерекшелігін оқып білу, жарнамалық мәтіндерді, радииялық және телевизиялық жарнама бағдарламаларының сценарийлерін дайындау дағдыларын меңгеру.	БП	ТК	5	6
	MR 3217 Медиарилейшнз	Медиарилейшнз пәнінің мақсаты - бұқаралық ақпарат құралдары мен қоғам мүдделерін ескере отырып, журналистердің қоғамдық маңызы бар ақпаратты алуы, ақпараттық себептерді нақтылау, редакция өкілдерінің іскерлік байланыстарын кеңейту.		Пәнді оқытудың нәтижесінде студент қабілеттілігін танытуы тиіс: - Әлеуметтік жарнама, PR және Маркетинг негіздері оқытылады. Коммерциялық емес ұйымдармен, волонтерлік қозғалыспен байланыс жасаудың, әлеуметтік жобалар мен акцияларға қатысудың үлкен таныстыру бағдарламасын меңгеру дағдылары қалыптасады				
22	АВКО 3307 Аудио-, бейне, компьютерлік өңдеу	Аудио-, бейне, компьютерлік өңдеу пәнінің мақсаты – студенттерді аудио және бейнемонтаж құрылғыларымен таныстыру және оны тәжірибеде қолдану. Аудио-, видеомонтаж – жалпы телевизиялық өнім жасап шығарудың негізгі кезеңдері болып табылады. Сондай-	<i>Телерадиожурналистика, Телерадиобағдарламаларды дайындау технологиясы</i>	Пәнді оқытудың нәтижесінде студент қабілеттілігін танытуы тиіс: -камера алдында мәтіндер оқып, сұхбаттар алуды меңгереді; -бейнекөріністердің материалдарына кодировка жасай біледі; -көрсермендерге ұсынылатын	КП	ТК	6	6

		<p>ақ телебағдарламалық өнімдерді де жарыққа шығаруға үлкен септігін тигізеді. Бейнемонтаж жасау шығармашылық үрдіс ретінде жүзеге асады. Оған бейнежазбалар мен аудиожазбалар ретінде ұсыну автордың шығармашылық жетістігіне байланысты сәтті орындалуы мүмкін.</p>		<p>бағдарламалар мен деректі фильмдердің монтаждық жоспарын дайындауды игереді; -бейнематериалдарды компьютерлік өңдеуден өткізуді қолдана алады; -титр, субтитр дайындауға қабілетті болады.</p>				
	SZhT3307 Сайт жасау технологиясы	<p>Сайт жасау технологиясы пәнінің мақсаты - студенттерді желілік журналистиканың ерекшеліктерімен, желіні пайдаланып жұмыс істеу әдістерімен, веб-парақшаларын әзірлеудің шығармашылық процесімен, сайттарды басқару жүйесімен таныстыру.</p> <p>Интернет БАҚ-тың ерекшеліктері, ақпаратты беру тәсілдері, желілік жүйелерді табысты жүргізудің принциптері, web-дизайн және web-коммуникация негіздерін меңгеруге көңіл бөлінеді. Болашақ мамандардың әр түрлі сипаттағы Интернет сайттар үшін веб-материалдарды даярлайтын, өңдейтін және тарата алатын біліктілігін қалыптастырады. Желідегі виртуальдық конференциялар ұйымдастырып, мультимедиалық журналистиканың ерекшеліктері мен қызметтерін игереді.</p>		<p>Пәнді оқыпудың нәтижесінде студент қабілеттілік танытуы тиіс: -БАҚ-тағы сайт жасау технологиясын меңгеру; -желілік журналистиканың жанрлары мен пішіндерін қолдана білу; -веб-журналистің еңбек қарым-қатынастарын реттейтін кәсіби-этикалық ережелері мен қағидаларын жүзеге асыру; - сайттардың Web 2.0 негізінде түзілуімен өмірге келген әлеуметтік желілерімен жұмыс істей білу; -интернет сайттарға мақалалар жариялау.</p>				
23	STZhSh 3308 Сөйлеу техникасы және жүргізуші шеберлігі	<p>Курстың мақсаты: "кәсіби дауыс және сөйлеу" туралы түсінік қалыптастыру; кәсіби дауысты қою үшін дұрыс тыныс алу қажеттілігін түсіну; Осы модульді сәтті аяқтағаннан кейін студенттер қабілетті болуы тиіс: 1. тіл техникасы, орыс әдеби тілі нормалары тұрғысынан масс-медиа өнімін түзету; 2. ТВ қызметкерінің кәсіби қызметінде сөйлеу, ойлау, зерттеу әдістерін талдау; 3. тілдік мінез-құлықтың және қарым-қатынастың әр түрлі формаларын, теледидардағы қазіргі тілдік этикеттің нормаларын салыстыру;</p>	<p><i>Телерадио журналистика, Телерадиобағдарламаларды дайындау технологиясы</i></p>	<p>Пәнді оқыпудың нәтижесінде студент қабілеттілік танытуы тиіс: - диалектілер, ауызекі сөйлеу және дұрыс әдеби айтылу арасындағы айырмашылықты жүргізу; - көпшілік алдында қолданылатын дұрыс сөйлеу құралдарын тандау.</p>	КП	ТК	5	6
	KASO3308 Көпшілік алдында сөйлеу өнері	<p>Пәннің мақсаты: журналистің сөз сөйлеу мәдениетін меңгерудегі теориялық және практикалық принциптерге үйрету. Пәнді оқыту барысында студент көпшілік алдында сөйлеудің теориялық және</p>		<p>Пәнді оқыпудың нәтижесінде студент қабілеттілік танытуы тиіс: - Аудиторияның алдында, әсіресе теледидар мен радио эфирінде журналист ретінде сөз сөйлей</p>				

		практикалық тәсілдерін меңгереді. Кең аудитория алдында көпшілік алдында сөйлеуге үйрену.		отырып, көпшілік алдында сауатты және мәдени қарым-қатынас дағдыларына үйренеді және біртіндеп ішпендік өнерді меңгереді.				
4 курс								
24	GTJ 4208 Ғылыми-танымдық журналистика	Бұл курстың мақсаты - студенттерді ғылым мен журналистиканың түрлі салаларының өзара іс-қимылының негізгі аспектілерімен таныстыру. Студенттер қазақстандық ғылымның тарихымен, оның қалыптасуымен, негізгі мәселелер шеңберімен және оларды баспасөзде жариялау мүмкіндігімен танысады.	<i>Журналистиканың құқықтық негіздері, Қазіргі журналистиканың жанрлық түрлері мен қызметі</i>	Пәнді оқығудың нәтижесінде студент қабілеттілігін танытуы тиіс: Студенттердің ғылыми-танымдық тақырыптармен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру; Қазақстанның ғылыми басылымдарымен танысу; қазіргі ғылыми-танымдық журналистиканың ерекшеліктерін талдау.	БП	ЖК	5	7
25	TRP 4309 Теле, радио продюсері	Пәннің мақсаты – теле, радиопродюсер қызметінің құрылымы мен тәжірибелік қырын талдау.	<i>Телерадиожурналистика, Мультимедиялық журналистика, Телерадиобағдарламаларды дайындау технологиясы</i>	Пәнді оқығудың нәтижесінде студент қабілеттілік танытуы тиіс: -тележоба әзірлеу кезеңіндегі телепродюсердің шеберлігін көрсете біледі; -реактивті және проактивті коммуникациялар ұғымына баға береді; -теле, -радио продюсерінің имидж қалыптастырудағы негізгі факторларын пайдалана біледі; -сараптамалық телебағдарламаларға талдау жасай алады; -телеаудиториямен кері байланысты қалыптастырады.	КП	ТК	5	7
	Osh4309 Операторлық шеберлік	Бұл пәнді оқытудағы мақсат – тележурналистика саласындағы операторлық қызметтің сан қырлы аспектілерін шығармашылық шеберлік пен кәсіби біліктілік тұрғысынан қарастыру.		Пәнді оқығудың нәтижесінде студент қабілеттілігін танытуы тиіс: - болашақ тележурналистердің сұрақ қою қисындарын, сұхбат алу сәтіндегі психологиялық қырларын анықтай біледі; - тікелей эфир кезіндегі оператор қызметінің шұғыл тәсіл-амалдарын қолдана алады; - оператордың кәсіби этиканы сақтау принциптерін талдай біледі; -экран эстетикасын журналистік имидждің басты қағидасы ретінде				

				бағалай біледі; -бейнегүсірілімдерді оператор ретінде саралай біледі.				
26	GZhNRHSh 4310 Газет-журнал және телерадиохабарлар шығару	<p>Пәннің мақсаты - журналистика мамандығының студенттерін негізгі ұғымдардың концепциясымен, жүйесімен, баспа өнімдерін дайындау технологиясының принциптері мен түрлерімен таныстыру, баспа өнімдерін дайындау технологиясының әдістемесін анықтау, баспа өнімдерін дайындау технологиясының мәселелерін түсіну. Бұл ретте журналистердің жұмыс әдістеріне және баспа өнімдері мен телерадиохабарларды дайындау технологиясына ерекше назар аударатырып, журналистердің жұмыс істеу әдістеріне және баспа өнімдері мен телерадиохабарларын дайындау технологиясына ерекше назар аудару қажет.</p>	<p><i>Телерадиожурналистика,</i> <i>Мультимедиялық журналистика,</i> <i>Телерадиобағдарламаларды дайындау технологиясы</i></p>	<p>Пәнді оқытудың нәтижесінде студент қабілеттілік танытуы тиіс: Студенттерді газет журналистикасында және телерадиода жұмыс істеу ерекшеліктерімен таныстыру, газет және журнал нөмірін, телерадиохабарларды дайындау кезінде шығармашылық жұмыс дағдыларын қалыптастыру.</p>	БП	ТК	6	7
	ТІ 4310 Телеарнадағы инфографика	<p>Пәннің мақсаты - студенттерге телеарналардағы инфографика негізінде көрсетілетін кеңістік пен бейнекадрлардың ерекшеліктерін түсіндіру.</p>		<p>Пәнді оқытудың нәтижесінде студент қабілеттілік танытуы тиіс: -дыбыс және көріністің графикалық өңделуін тәжіриб еде қолданады; -телеарнадағы визуальды көріністерді инфографикалық әдістермен жеткізеді; - бейне өңдеу барысындағы бағдарламалардың ерекше тұстарын зерттейді; -сценарий жазып, оны экрандау біледі; -графикалық шығармашылықты еркін меңгереді.</p>				
27	DWDSEOO 4311 Дизайн, веб дизайн және SEO оңтайландыру	<p>Курстың мақсаты: Студенттерге дамытушы объект ретінде дизайн және коммуникация негіздері туралы түсінік қалыптастыру; жобалау модельдері, форманың қазіргі тенденциялары, полиграфиялық материалдар.</p>	<p><i>Мультимедиялық журналистика,</i> <i>Сайт жасау технологиясы.</i> <i>Аудио-, бейне, компьютерлік өңдеу</i></p>	<p>Пәнді оқытудың нәтижесінде студент қабілеттілік танытуы тиіс: - коммуникация дизайнының тарихын; технологиялық өзгерістерді есепке ала отырып, коммуникация дизайнының эволюциясын; өнім дизайнының формаларын редакциялау әдістемесін сипаттау.</p>	КП	ТК	5	7

	SFJ 4311 Сандық фотожурналистика	Пәнің мақсаты: фотоаппарат құрылғысымен, фотосуреттің пайда болу тарихымен, қосымша қажетті элементтермен, объективтің түрлерімен, композицияның құрылымымен, сандық фотожурналистика және фотография жанрларының түрлерімен танысу.		Пәнді оқытудың нәтижесінде студент қабілеттілігінаыпұытыіс: Студент сандық фотожурналистиканың заманауи технологияларын меңгереді. Өмір сәттерін дәл беретін кәсіби шеберлік жолдары қарастырылады.				
28	EJ 4219 Экстремалды журналистика	Курсты оқу барысында экстремалды журналистика оқу пәні ретінде қарастырылады, экстремалды журналистиканың теориясы мен тәжірибесінің дамуының бастауы әскери журналистиканың қалыптасуы мен дамуы: тарихи тәжірибе, қарулы жанжалдарды жариялау тұжырымдамасы; қазіргі әскери журналистиканың мәселелері; әскери іс-әрекет аймағындағы халықаралық гуманитарлық құқық және журналистердің қызметі; Қазақстан Республикасының қарулы қақтығыс аймағындағы журналистің жұмысы туралы Мемлекеттік құқығы; ақпараттық талдау материалдарының жанрлық-тақырыптық ерекшеліктері және оларды дайындау әдістемесі.; әскери Публицистика жанрлары	<i>Журналистиканың құқықтық негіздері, Публицистің шығармашылық шеберлігі, Әскери журналистика, Шетел журналистикасы</i>	Пәнді оқытудың нәтижесінде студент қабілеттілігінаыпұытыіс: БАҚ-ты бейнелеудегі әлеуметтік қақтығыстар; демонстрацияларды, бүліктерді, азаматтық бағынбау актілерін жария ету; азшылық құқықтарының пресстері мен мәселелері, этникалық қақтығыстарды баяндаудың ерекшелігі; этникалық жанжал аймағындағы тапсырмада журналист; журналистика және діни қақтығыстар; терроризммен күрес және журналистика.	БП	ТК	6	7
	НІZhTP 4219 Халықаралық журналист жұмысының теориясы мен практикасы	Пәнің мақсаты - халықаралық ақпарат көздерін пайдалануға, Халықаралық өмір оқиғаларын талдауға және түсіндіруге қабілетті халықаралық журналист-журналистерді дайындауға бағытталған. Халықаралық журналистиканың тарихы мен қазіргі жай-күйін, оның БАҚ жүйесіндегі орнын, Қазақстан Республикасының сыртқы саясатының бағыттарын, әлемнің түрлі аймақтарындағы геосаяси жағдайды зерделеу болжанып отыр.		Пәнді оқытудың нәтижесінде студент қабілеттілігінаыпұытыіс: Сыртқы саяси ақпараттық-насихаттық қызметке ерекше көңіл бөліңді. Бағдарламаны толық көлемде меңгерген түлек ақпараттық агенттіктерде, түрлі БАҚ халықаралық бөлімдерінде, мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдарда жұмыс істеуге дайын.				
29	ЖКЕ 4220 Журналистің кәсіби этикасы	Пәнді оқытудағы негізгі мақсат: әрбір студентке этика, эстетика ғылымдарын терең меңгерте отырып, кәсіби журналистің әдебі мен моральдық-этикалық міндеттерін, журналистік этиканың құқықтық негіздерін түсіндіру.	<i>Журналистиканың құқықтық негіздері</i>	Пәнді оқытудың нәтижесінде студент қабілеттілігінаыпұытыіс: - өлең әлемі тарихы туралы жан-жақты зерттей білу; - теориялық білімдерін кәсіби тәжірибе негізінде өмірде қолдана	БП	ТК	6	7

			білу; - теория барысында алған білімдерін толық пайдалана отырып, шығармашылық қабілеттілікті игеру; - этикалық кодекстерді, этикалық қарым-қатынастарды нақтылы басылымдардың жарияланымдары арқылы талдау; - журналистің кәсіби этикасын толық меңгеру.			
ВАКАККА 4220 БАҚ-тағы авторлық құқықты қорғау әдістері	Пәннің мақсаты - БАҚ-тағы авторлық құқықты жүзеге асыруды журналистік қызметтің негізі ретінде қарастыру. Сөз бен шығармашылық бостандығын жүзеге асырудың қағидаларын айқындауды журналистің авторлық құқығын пайдалану тұрғысында түсіндіру.		Пәнді оқыпудың нәтижесінде студент қабілеттілігінің пайдаланылуы: авторлық құқықты қорғай білуді тәжірибелік қызметте қолдану; - ҚР авторлық құқығы мен сабақтастық құқықтары туралы Заңды білу; - сөз бен шығармашылық бостандығын жүзеге асырудың қағидаларын меңгеру; - авторлық құқықты қорғауды әлемдік тәжірибемен байланыстыру; - БАҚ саласындағы авторлық құқықты сақтаудың негіздерін зерттейді.			

Келісілді жұмыс беруші:





«Ахмат» ЖШС директорының
орынбасары
И.Қ.Балмағамбетов

Жоғары оқу орны келісілді:

ББАСЖДҚЕО жетекшісі

Кафедра менгерушісі

 Ж.У.Сулейменова
 М.Т.Мукашева